

**6B013 – Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша
студенттердің XIII Республикалық пәндік
олимпиадасын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 22 сәуір 2022 жыл)

Студенттердің XIII Республикалық пәндік олимпиадасы ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш жоғары оқу орны - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізіледі.

6B013 – Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша білім алатын студенттерінің пәндік олимпиадасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік білімі мен дағдыларының деңгейін, сондай-ақ олардың кәсіби-педагогикалық қызметке қажетті кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған шығармашылық сайысы болып табылады. Студенттердің XIII Республикалық пәндік олимпиадасы – талантты студент жастарды қолдауға ықпал ететін факторлардың бірі.

Ағымдағы жылдың пәндік олимпиадасы көрнекті ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларына арналады.

I Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

Пәндік олимпиаданың негізгі мақсаты - болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне жеткен шығармашыл дарынды студенттердің педагогикалық қабілеттерін анықтау.

Олимпиаданың міндеттері:

- студенттердің оқу-танымдық, оқу-зерттеушілік әрекетін ынталандыру;
- студенттердің кәсіби және жеке әлеуетін ашу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өзін-өзі айқындауы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- талантты және дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
- білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасты қалыптастыру.

II Республикалық олимпиаданы өткізу тәртібі

Олимпиадаға ЖОО ішіндегі іріктеу турларында бірінші орынды иеленген командалар қатысады. Олимпиадаға қатысуға 6B013 – Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша білім алатын 2-3 курс (4 жылдық оқу мерзімі) студенттеріне рұқсат етіледі. Команда құрамы 4 қатысушыдан артық болмауы керек.

III Олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі

Байқауға қатысушыларды тіркеу үшін келесі құжаттар қажет:

- Олимпиадаға қатысу үшін командадан тапсырыс (ақпараттық хатта көрсетілген форма бойынша);
 - келу және кету уақыты туралы ақпарат.
- Олимпиадаға қатысу үшін құжаттарды төменде көрсетілген электронды пошта адресіне 2022 жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей жіберу керек.
e-mail: pmno202021@mail.ru.

Олимпиада қатысушыларының келуі 21 сәуір, кетуі 22-23 сәуір 2022 ж.
Қатысушылардың орналасып тұруы мен тамақтануы жіберуші тараптың есебінен.

IV Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу

XIII Республикалық пәндік олимпиада Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімінің базасында 2022 жылдың 22 сәуірінде өткізіледі.

Пәндік олимпиаданың жұмыс тілі: *қазақ, орыс және ағылшын*.

Олимпиаданың өткізілуі бір күнге жоспарланып отыр.

1. Шығармашылық байқау.

Командалардың визиттік карточкасы. Байқау сахнада еркін түрде өткізіледі, командалардың өнер көрсету реті жеребемен анықталады. (7 минут).

Командалардың визиттік карточкасы шығармашылық байқауы 10 баллдық жүйемен бағаланады.

Бағалау критерийлері:

- қойылым мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі – 2 балл;
- мазмұнының педагогикалық бағыттылығы – 2 балл;
- креативтілігі – 3 балл;
- сөйлеу мәдениеті, артистизм - 2 балл;
- регламент сақтауы – 1 балл.

2. Теориялық байқау.

Төменде ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша аргументтік эссе. Қатысушылардың жазатын эссенің нақты тақырыбы жұмыс басталардан 15 минут бұрын кездейсоқ іріктеу негізінде анықталады.

Дайындық үшін тақырыптар:

1. “Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ халқының рухани көсемі”,
2. “Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми еңбектерінің бастауыш білім берудегі маңызы”,
3. “Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің өміршеңдігі”
4. “Балам деген ел болмаса, елім деген бала қайдан шығады”

Команда қатысушылары үшін дербес конкурс. Жұмыс аудиторияда орындалады.

Эссе көлемі-250-300 сөз. Жұмыстың орындалу уақыты 90 минут. Эссенің жазу барысында А.Байтұрсыновтың өз еңбегін пайдалана алады.

Бағалау критерийлері:

- **Тақырыпқа сәйкестігі** – 3 балл;

Бұл критерий эссе мазмұнын бағалауға бағытталған.

- **Дәйектеу.** Әдебиеттерді пайдалану - 3 балл;

Бұл критерий ұсынылған тақырып бойынша пікірін тұжырымдап, өз позициясын дәйектеу үшін әдебиет материалдарын пайдалану білігін бағалауға бағытталған.

- **Композиция** – 3 балл;

Бұл критерий ұсынылған тақырып бойынша пікірін тұжырымдап беру логикасын бағалауға бағытталған.

- **Сауаттылығы** – 1 балл; Бұл критерий команданың сауаттылығын бағалауға мүмкіндік береді.

3. Практикалық байқау.

«Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбындағы топтық таныстырылым. Таныстырылымның мазмұны ұсынылған тақырып бойынша қатысушылардың көзқарасын, таным-түсінігі мен ойларын қамтуы тиіс.

Таныстырылым ұзақтығы – 7 минуттан аспауы тиіс.

Таныстырылым 15 баллдық жүйеде бағаланады.

Бағалау критерийлері:

- өзектілікті ашу – 3 балл;

- нақтылық – 3 балл;

- жаңашылдық – 2 балл;

- баяндау шеберлігі – 2 балл;

- сындарлы ойлауы – 2 балл;

- жобаның тәжіірбелік бағыты – 3 балл.

4. Командаларды марапаттау

Жүлделі орын алған командалар дипломдармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

6B013 – Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша
студенттердің XIII Республикалық пәндік

олимпиадасына қатысуға

ӨТІНІМ

1. Оқу орны	
2. Жетекші Т.А.Ә. толық (жеке куәлікте көрсетілгендей)	
3. Қызметі, ғылыми дәреже	
4. Қатысушылар Т.А.Ә. толық (жеке куәлікте көрсетілгендей)	
5. Байланыс телефоны	

Өтінім толтырылған күн _____

Өтінімді толтырған күн _____

Топ жетекшісінің қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

